



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ ӨЛШЕМІ



Коллажды жасаған Зәуреш СМАҒҰЛ

Президент жолдауында айқындалған басымдықтардың бірі – заң үстемдігі мен сот төрелігінің әділдігі. Мемлекет басшысы судьялар корпусы білікті, кәсіби, бәсекеге қабілетті мамандармен толығыуы қажеттігін айтты. Жемқорлықсыз қоғам құру үшін сот саласын, құқық қорғау органдарын әділ, таза, әділетті қызметкерлермен жаңартып, қайта жасақтау керектігін де тілге тиек етті. Бұл ретте, кез келген саланың ешкімге тәуелсіз, дербес болғаны маңызды.

(Соңы 3-бетте)

ІССАПАР

ӨРТТЕН ЖАПА ШЕККЕНДЕР ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

ҚР Президенті Қ. Тоқаев Қостанай облысында өрттен зардап шеккендермен кездесті. «Өкінішке орай, үлкен өрт болды. Сіздердің баспанасыз қалғандарыңызды білемін. Үкімет сіздерге бұрынғыдан жақсы үй салып береді» – деді Мемлекет басшысы.



Белгілі болғандай, өрт 2 қыркүйекте сағат 15:10-да басталған. Оттың таралуына күннің қатты ысуы мен екпінді желдің 20 м/сек дейін ұйытқуы ықпал еткен. Бұл өрттің орман алқабының үлкен аумағына таралуына әсер етіп, сонымен қатар елді мекендерге қауіп төндірді.

Төтенше жағдайдың салдарын жоюға тартылған жергілікті атқарушы органдар мен бөлімшелердің уақытылы қабылдаған шараларының

нәтижесінде елді мекендерден 1 800-ден астам адам эвакуацияланған.

Аманқарағай елді мекеніндегі үйінділерді талдау кезінде 1936 жылы туған адамның қаза болғаны анықталды. Ол эвакуациялық іс-шаралар өткізілетінін естігенімен, үйінен кетуден бас тартқан. Соған қарамастан, адам өліміне қатысты тергеу шаралары жүргізіледі.

Өрттің жалпы ауданы 106 мың орман қорының

43 мың гектарынан асады. Өрт шығуы мүмкін 8 белсенді орын жіті бақылануда. Өрт елді мекендерге тарамас үшін ТЖМ бөлімшелері белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл іске еріктілер де тартылған. Өрттің тікелей таралу бағытында қазіргі уақытта үш әуе кемесі жұмыс істейді, сонымен қатар, су-ағызу құрылғылары бар қосымша тағы үш әуе кемесі күтілуде.

Кешегі тәулікте ТЖМ, ЖАО-ның барлық бөлімшелері қызу жұмыс істеуде. Қазақстан Темір Жолы АҚ бөлімшесі үлкен көмек көрсетті. Аманқарағай кентіндегі мұнай базасында жарылыс қаупі болғандықтан, төтенше жағдайдың алдын алуға жіті назар аударылған. Өрт сөндіру пойыздарының қабылдаған шаралары өрттің таралуына жол бермеді, соның арқасында қайғылы оқиғалар орын алған жоқ. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша өрт салдарынан зардап шеккен үйлерге келтірілген залалды бағалау жүргізіледі. Шешім қабылданып, Мемлекет басшысы мен Үкімет тапсырмасына орай халықтың табиғи апат салдарынан шеккен шығындарын өтеуге қаржы бөлу қаралатын болады.

Қазіргі уақытта ең көп зардап шеккен – Аманқарағай елді мекені, онда 98 үй өртенді, Озерное ауылында – 7-8 үй және Лесное ауылында – бір үй өртке оранған. Сондықтан осы елді мекендерде өрттің одан әрі таралуына жол бермеу үшін өрт сөндірушілер белсенді жұмыс істейтін болады. Уақытша орналастыру пункттерінен халыққа орын берілген. Олардың бір бөлігі туыстарының үйіне кетті. Осы сындарлы сәтте зардап шегушілерге тамақтану, медициналық көмек, психологтардың жұмысы ұйымдастырылды.

Қостанай облысының ТЖД

МІНБЕР

АЛДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТ ТҰР

БИЫЛ ЕЛІМІЗДЕГІ ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ОСЫ КЕЗЕҢ ІШІНДЕ ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНЕН ӨТІП, ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖОЛЫНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ. ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІГІН ЖАРИЯЛАҒАННАН KEЙІН ЕЛОРДАДА ҚҰРЫЛҒАН ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ДЕ БҮЛ КҮНДЕРІ САН ҚЫРЛЫ ӘРІ ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫН ҚАМТИДЫ.

Қалалық Әділет департаментінің ұжымы өзіне жүктелген міндетті атқаруда белсенді жұмыс жүргізуде. Қызметкерлердің ауызбіршілігі мен жауаптылығының арқасында қолжеткізген нәтиже көп. Әсіресе, білікті кадрлардың көбеюінің ықпалы ерекше. Департаментте жұмыс істейтін кадрлардың саны да, сапасы да анағұрлым артты.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙІНШІ

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр. Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӨТ!



АЛДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТ ТҰР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда кадрлардың көпшілігі бірнеше жылдан бері тұрақты жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтаған мамандар.

Осы кезең ішінде тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің саны бірнеше есе артты. Мұның бәрі еліміздің экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан да, азаматтық хал актілерін тіркеу, адвокатура, нотариат қызметі салаларында құжаттарды ресімдеу көлемі көбейе түсті. Сондықтан да кадрларды іріктеу мәселесіне да баса назар аударылуда. Осы орайда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментімен бірлесіп жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі жоғары.

Кадрларды оқытып, олардың біліктілігін арттыру мәселесі де тұрақты назарда. Қазіргі таңда осы мәселе жоспарлы түрде іске асырылуда. Тек биылғы жылдың өзінде ғана бірнеше мемлекеттік қызметші біліктілікті арттыру курстарына қатысып, оқып келді. Біз осы бағыттағы жұмысты алдағы уақытта да одан әрі жалғастырып, кадрларды іріктеу, орналастыру және жоғарылату бойынша жүргізілер жұмысты жетілдіре беретін боламыз.

Әділет департаментінің отыз жыл ішіндегі қызметі туралы айтқанда жұмыстың жаңа уақыт талабына сай ұйымдастырылғанына кеңірек тоқталған орынды. Алғашқы жылдарда азаматтарды қабылдау, олардың құжаттарын тіркеу және беру бұрынғы ескі тәсілдермен жүзеге асырылғаны белгілі. Мұның олқы тұстары да көп еді. Азаматтар өздерінің өтініштерін орындату үшін көп уақытын жұмсайтын. Департамент қызметкерлері де азаматтардың құжаттарын қабылдау және олармен жұмыс істеу кезінде қиындықтарға тап болатын. Адвокатура, нотариус, тіркеу және т.б. қызметтерді көрсету кезінде де қала тұрғындары кезекке тұрып, үнемі уақыттарын жоғалтатын. Осының бәрі, түптеп келгенде, жұртшылық тарапынан орынды реніштер мен сын-ескертпелерді тудырғаны белгілі.

Жұмысты қазіргі уақыт талабына сай жаңаша ұйымдастыру азаматтардың уақытын үнемдеуге, оларға көрсетілетін қызмет сапасын анағұрлым арттыруға, құрылымдардың бүкіл қызметін жетілдіруге мүмкіндік берді. Бүгінде азаматтарды онлайн қабылдау толығымен жолға қойылды. Бұл олардың қалаға, тіпті Департаментке келмей-ақ, өздерінің тұрғылықты жерлерінен, қашықтан қабылдауға жазылуына әрі қатысуына мүмкіндік берді. Осының өзі қала мен басқа өңірлердің тұрғындары үшін өте тиімді болып отыр. Сонымен қатар, азаматтарға қызмет көрсету электрондық түрде жүзеге асырылуда. Нәтижесінде олар өздерінің құжаттарын өткізу, ресімдеу, алу бойынша қызметтің бәрін электронды түрде атқара алады. Бұл құжат айналымын жылдамдатуға, тұрғындардың өтініш-тілегіне дер кезінде назар аударып, олардың мәселелерін уақытында әрі заң талаптарына сай шешуге мүмкіндік берді.

Іс қағаздарының мемлекеттік тіл – қазақ тілінде және орыс тілінде электронды түрде жүргізілетінін де айта кету қажет. Осы орайда заң талаптарын қатаң сақталады. Азаматтар өтініштерін өздерінің қалауы бойынша қай тілде берсе, жауапты сол тілде алады. Келушілерді қабылдап, әңгімелесу кезінде де олардың құқықтарының қорғалуы қамтамасыз етіледі. Бұл күнделікті бақылауда тұрған мәселенің бірі.

Азаматтарды қабылдау, олардың өтініштеріне уақытында ден қою және жауап қайтару мәселелерін іске асырумен қатар, жұртшылықтың құқықтық білім деңгейін арттыруды да үнемі назарда ұстап отырмыз. Соған орай департаменттің және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметі туралы ұдайы хабардар етіп отыру мәселесі жолға қойылды. Атап айтқанда, күнделікті атқарылып жатқан жұмыс туралы сайтта ақпарат жариялау дәстүрге айналды. Сонымен қатар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен мемлекеттік қызметшілер қаладағы оқу орындарының студенттерімен онлайн дәрістерді өткізуді дәстүрге айналдырған. Халықпен өзара байланыстың басқа да әдіс-тәсілдері тиімді пайдаланылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс» деп атап көрсетті. Біз осы нұсқауды басшылыққа ала отырып, халықтың мұң-мұқтажын мұқият тыңдауға, көкейкесті мәселелерді шешу жолындағы жұмысымызды одан әрі жалғастыруға тиіспіз.

Әділет органдары құрылғаннан бергі 30 жылдық кезең ішінде қаншама тамаша өзгерістерге қол жетті. Солардың бірі ретінде материалдық-техникалық жабдықтау мәселесін де айтар едім. Осы уақыт ішінде департаментті компьютерлермен, басқа да ұйымдастыру техникаларымен жабдықтау бойынша кешенді шаралар қабылданды. Оған Әділет министрлігі тарапынан тұрақты көмек көрсетіліп келеді. Мұның өзі жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Алға қойылған міндеттердің табысты жүзеге асуы әрбір мемлекеттік қызметшінің, құрылымдық бөлімше басшыларының өз міндетін жауапкершілікті сезіне отырып атқаруына байланысты. Сондықтан қызметкерлер өздеріне тапсырылған жұмыс учаскелерінің жұмысын жауаптылықпен тиянақты атқарауда. Ал қызметтік міндетін дұрыс атқармаған қызметкерлер тәртіптік жазаға тартылады. Тәртіп пен жауапкершілік мәселесі бірде-бір аппарат кеңесінің күн тәртібінен түскен емес.

Осы аралықта ауыз толтырып айтар жетістіктеріміз көп болғанымен, қызметте кемшіліктердің де барын жасырмауға тиіспіз. Мәселен, халыққа көрсетілер қызмет сапасы әлі де бүгінгі күннің өскелең талабына толық сай емес. Осының салдарынан жұртшылық тарапынан сын-ескертпелер жиі айтылуда. Бұл жекелеген бөлімше басшылары мен кейбір мемлекеттік қызметшілердің өз міндетін дұрыс атқармай, жұмысына немкетті қарайтынын көрсетеді. Ал біз бүкіл қызметіміздің жұртшылықтың көз алдында екенін бір сәт те естен шығармауымыз керек.

Бүгінгі таңда алдымызда биік міндеттер тұр. Оларды табыспен, талапқа сай жүзеге асыру ұжымдағы әрбір қызметкердің абыройлы міндеті. Жұртшылыққа көрсетер қызметті жақсарту беру үшін қолдан келгеннің бәрін іске асыруға тиіспіз.



А. АҚЫЛБАЙ,
Нұр-Сұлтан қаласы
Әділет департаментінің басшысы

АНА ТІЛДІ БІЛУ – ОТАНШЫЛДЫҚ БЕЛГІСІ

Әрбір халықтың қалыптасуында оның тілі маңызды рөл атқарады. Мұны айтып отырғанымыз, Ата Заңға сай қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Қазақстандағы барлық тілдің қызмет етуінің құқықтық негіздері, мемлекеттің оларды зерделеу мен дамытуға жағдай туғызудағы міндеттері Тіл туралы заңмен белгіленген. Мұны ескерсек, тәуелсіз елімізде мемлекеттік тіл туралы мәселе, тіпті де болмауы керек еді. Өкінішке қарай, бұл тақырып өзектілігін жоймай келеді.

Қазіргі күні қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналып отыр. Әрине, бұл мәселе соттарға да қатысты. Сондықтан, еліміздің Жоғарғы Соты тарапынан жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Солардың ішінде Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың сот процестерін қазақ тіліне біртіндеп көшіру міндетін алға қоюы үлкен жетістік саналады.

Бүгінде сала қызметкерлері мемлекеттік тілді дамытуға белсенді түрде атсалысуда. Сала жұмысында барлық құжат қазақ тілінде жүргізіледі. Мемлекеттік тілдегі сот актілерінің сапасы артып, біріздендірілді. Бас судья айтқандай, сот актісі – судья құзыретінің көрсеткішін, сондай-ақ, сот билігінің имиджін көрсетеді. Тілді білмеу жоғары қызметке өсуде кедергі болатыны ашық түрде айтылуда. Мұндай істер өз кезегінде сот билігінің ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің де беделін нығайтары анық.

Мемлекеттік тілде қаралатын істердің соттарда аз немесе көп болуы судьяларға емес, негізінен азаматтарға, қазақша білмейтін құзырлы орган қызметкерлеріне, тергеуші, адвокат, заңды өкілдерге де байланысты. Олай дейтініміз, заң талаптарына сәйкес, сот істері қылмыстық процесте алдын ала тергеу, яғни, іс материалдарының әзірлену тіліне, ал азаматтық процесте талап арыз берілген тілге байланысты жүргізіледі. Біз мемлекеттік тілді іс жүргізуде толық қолданамыз, оған ешқандай да кедергі жоқ. Сотта іс жүргізілетін тілді білмейтін тарап заңда



Гаухар МЕТЕРКУЛОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы

белгіленген тәртіппен аудармашының ақысыз қызметімен қамтамасыз етіледі.

Әр істі қарауда тілдік мәселелер болады. Солардың бірі сараптамаға қатысты. Мысалы, кейбір істерде сараптама қорытындысы мемлекеттік тілде дайындалмайды. Бұған біздің пікіріміз, егерде іс қазақша болса, ондай кезде сараптама қорытындысы да осы тілде дайындалуы тиіс. Сарапшы мемлекеттік тілді білмесе, сараптама қорытындысын дайындауда аудармашы тартылуы

Тағдыр төлкегіне түсіп, абақтыға қамалып, айыбын өтеп жатқандар баршылық. Қате қадам жасағанымен, ол да сіз бен біз сияқты адам. Сондықтан жаза басқандарды түзеу, тәрбиелеу қоғам мен арнайы орындардың басты міндеті болып табылады.

ЖАЗА – ТӘРБИЕ КӨЗІ

Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Ол қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамға қылмыстық заңда көзделген құқықтары мен бостандықтарын айыру немесе шектеу жазасы тағайындалады.

Жазаның мақсаты:

- а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Ол кінәлі адамға жазаны қолдану қылмыстық әрекет жасау нәтижесінде бұзылған жеке және қоғамдық мүдделерді қалпына келтіруді және объектісіне келтірілген зиянды өтеуді білдіреді;
- ә) сотталушыны түзеу. Бұл мақсат кінәлінің теріс бағдарын өзгертуге бағытталған. Егер адам басқа жаңа қылмыстар жасамаса және қылмыстық заңның сақталуының қажеттілігін сезіне бастаса, түзеуге қол жеткізеді;
- б) жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу. Бұған әрбір нақты қылмыс үшін жауапты бекітуді және жаза тағайындау мен оның орындалуын бұлтартпауды қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі. Жазамен сескендіру адамдардың санасы мен әрекетіне әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі көмелеттік жасқа толмағандарға тағайындалатын жазаның жүйесі мен тізімін бекітеді. Оларға: айыппұл, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, қамау,

бастен жиырма мыңға дейінгі немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі өзге де табысының мөлшерінде тағайындалады. Айыппұл тағайындағанда сот жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесін және адамның мүлкіктің жағдайын ескеруі тиіс. Көмелеттік жасқа толмай сотталған адамға айыппұл дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту. Қоғамдық жұмыстар – бұл сотталған адамның оқудан немесе жұмысынан бос уақытында тегін қоғамдық пайдалы жұмыс атқаруы.

Түзеу жұмыстары – бұл сотталған адамды табысының белгілі бір бөлігін мемлекет пайдасына ұстап қалу арқылы еңбекке тарту. Түзеу жұмыстарына сотталған адамның табысынан соттың үкімімен белгіленген мөлшерде, бес пайыздан жиырма пайызға дейінгі шекте мемлекет пайдасына ұстап қалу жүргізіледі.

Қамау – бұл сотталған адамды қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау болып табылады, олар жазаны абақтыда өтейді. Қамау бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді. Қамау кезіндегі оқшаулау, қамаудан да анағұрлым қатаң жаза – бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін екендігін еске салуы тиіс. Қамау үкім шығару кезінде он алты жасқа толмаған адамдарға, сондай-ақ жүкті әйелдер мен

керек. Тағы бір айтарымыз, аудармашы тек аударма салмай, қорытынды берілген саланы жақсы білуі және оның сол іске ешқандай қызығушылығы жоқ болуы қажет.

Ресми құжаттар қазақ тілінде да-ярланып, содан кейін ғана орыс және басқа тілдерге аударылса, мемлекеттік тілге қатысты жағдай өз-өзінен түзе-леді. Сонымен қатар, қазақ тілін дамы-туға мемлекеттік органдар, мекемелер, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдар, бұлардың арасында адвокаттар, заңгер-лер, сондай-ақ, қарапайым азаматтар да бар, барлығы бірігіп атсалысуы қажет. Яғни, олар, әсіресе, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері өздері-нен шығатын ресми құжаттарды қазақ тілінде дайындасын. Бұлай болуы үшін заң нормаларының негізінде мемле-кеттік органдар мен мекемелерден, басқа органдардан сотқа талап арызды мемлекеттік тілде тапсыруды талап ету мәселесін алдыңғы орынға қою керек. Мемлекеттік тілдің Конституциялық мәтебесі мемлекет тарапынан қатаң бақылау мен талап болғанда ғана жоғары деңгейге жететінін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Сот ісіне қазақ тілін дендеп ендіруде құқық қорғау мен тағы басқа мемле-кеттік, құзырлы органдар өз жұмыста-рының қорытындысында мемлекеттік тілдің қолданылуы туралы нақты есеп беруді қалыптастырса, дтітеген межеге жетеміз. Президенттің: «Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекет-тік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Болашағын отанымызбен байланыстыратын әр азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі» деуі бекер емес. Өз тілі мен ұлттың кастерлемеген азаматтың, басқа ұлт өкіл-дері алдында абыройы асқақ болмасы анық. Себебі, біз қанша жерден өзге ел-дің тілі мен мәдениетін жетік меңгерсек те, ел халқына ең бірінші мемлекеттік тілде қызмет етуге міндеттіміз. Сонда ғана мемлекетіміздің беделі нығаяды.

көмелеттік жасқа толмаған балалары бар әйелдерге қолданылмайды.

Бас бостандығынан айыру – сот-талушыны қоныс колониясына жіберу, жалпы, қатаң, ерекше режімдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғы-зу жолымен оқшаулаудан тұрады. Бас бостандығынан айыру кезінде сот-талған адамның құқықтық жағдайына шек қойылады. Ол оған шек қоюдан көрінеді. Адам жүріп-тұру еркінді-гінен, еңбек қызметін таңдаудан айы-рылады, өз уақытына билік етуі шек-теледі. Бас бостандығынан айыру

алты айдан он бес жылға дейін, ал ерекше ауыр қылмыстар үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойы-на белгіленеді.

Жазасын өтеп жатқан әрбір сот-талушымен психологтар түйткілді жағдайлардың алдын алу үшін жеке ә-ңімелесу өткізеді. Сондай-ақ психолог-тар жаза басқандармен арнайы тренинг өткізуді дәстүрге айналдырған. Олар-дың көңіл-күйін көтеріп, мінезіндегі эмоционалдық жағдайды төмен түсіру үшін мекемеде жаттығулар, арттерапия амалдарын пайдалану арқылы әртүрлі жағдайды іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Ондағы мақсат – жаза басқандарды заңды сыйлап, құрметтеуге үйрету, адамгершілік қағидаларын басты мұрат ету және бостандыққа шыққан соң өмірге қайта бейімдеу. Міне осылай-ша жаза тағайындалған әрбір адамды заң бойынша жазалай отырып, оны тәрбиелеу әрі өмірге қайта бейімдеу мәселесі де қоса жүргізіледі. Осындай жұмыстардың нәтижесінде көп жағдай-да жаза басқан азаматтар өздерінің қылмыс жасағанына өкініп, тағдырға талдау жасап «бұрынғы қателіктерді қалай түзетуге болады?» деп жатады. Осының өзі жаза – тәрбие көзі екенін аңғартса керек.

Дәурен ШАДАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ ӨЛШЕМІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрбір Қазақстан азаматының дербес, тәуелсіздігінен бөлек, оның бақуатты, бақытты өмір сүруі үшін еңбек нарығын реттеу

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған биылғы жолдауында заң үстемдігін, сот төрелігі әділдігінің маңыздылығына айрықша тоқталып, нақты тапсырмалар берді. Бұл орайда қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау қажеттігіне басымдық берілді.

Нүрия СЕЙСЕНОВА, ҚР Жоғары сот кеңесінің мүшесі:

СОТ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АРТТЫРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғары сот кеңесінің мәртебесін нығайту қажеттігі айтылды. Осы ретте судья болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеруде Жоғары сот кеңесіне айрықша міндет жүктелді. Сондай-ақ, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттігін тоқтату мәселесімен де осы мекеме айналысады. Бұл – бүгінгі күн талабынан туындап отырған қажеттілік. Бұл мемлекеттік орган нақты кадрлық функциялары бар, толыққанды институтқа айналуы керек.

Мемлекет басшысы салаға мықты заңгерлерді тарту үшін тиісті ынталандырулар мен жағдайлар жасау туралы айтты. Бұл әрине біріншіден, лайықты еңбекақы, соттардың жұмысын талапқа сай материалдық-техникалық жарақтандыру қажеттігі. Екіншіден, бұл судьяларға түсетін жүктемені біртіндеп азайту. Үшіншіден, судьялардың тәуелсіздігін арттыру. Осы міндеттерді орындау мақсатында Жоғары сот кеңесі жұмысын бастады. Мәселен, мамыр айында Нұр-Сұлтан қалалық және Алматы қалалық сотының судьяларының бос лауазымдарына орналасуға конкурс жарияланды. Бұл конкурс судьялар емес құқықтың жекелеген салалары, айталық, салық құқығы, жер құқығы, кеден құқығы саласының мамандары арасында өткізіледі. Осылайша апелляциялық сатыдағы судьялар лауазымдарына жоғары білікті заңгерлерді тағайындау көзделіп отыр. Менің ойымша бұл қадам сот корпусын білікті, жаңа көзқарастағы, аталмыш салаларды терең білетін мамандармен толықтырып, жаңғыртып, сапалық деңгейін арттырады.

Қазір істерді қарау сапасын арттыру мақсатында судьялар жүктемесін азайту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Яғни, аса күрделі емес көптеген дауларды шешу басқа органдардың құзырына берілді. Мысалы, сомаларды өндіріп алуды атқарушылық жазба ретінде тиісті құзырлы орындар жүзеге асырады.

Сол секілді судьялардың тәуелсіздігін арттыру мақсатында да бірқатар шаралар қабыл-



данды. Атап айтар болсақ, облыстық соттарда бұрын судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру сапасы туралы мәселелер қаралған облыстық соттардың төралқалары институты таратылды. Судьяларға қатысты барлық мәселелер жасырын дауыс беру арқылы шешіледі. Енді қалалық (аудандық) соттардың төрағаларын және алқа төрағаларын сайлау бойынша жұмыс жүргізу қажет. Яғни, бұрын төрағалар Елбасының жарлығымен тағайындалса, енді оларды осы соттың судьялары белгілі бір мерзімге өз құрамынан сайлау қажет. Осылайша, төрағалар осы соттардың ең беделді, құзыретті судьялары ету жөнінде ұсыныс бар. Жоғарғы соттың судьялары да баламалы негізде Сенатта өкілдік ететін болады.

Негізінде судьялардың тәуелсіздігін арттыру үшін Жоғары сот кеңесінің мәртебесін күшейту қажет. Осы мақсатта судьялыққа кандидаттарды даярлау, біліктілігін арттыру, жас шектеуін ұзарту, судьялардың міндетін атқарушылардың өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату мәселелері Жоғары Сот кеңесінің құзыретіне беріледі.

Владимир ВОЛКОВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы:

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ ЖАСАЛМАҚ



Конституциялық реформа еліміздің барлық құқықтық саласын жаңғыртудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Қазақстанға азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін барынша қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық жүйе бұрынғыдан да қажет. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауында мемлекетіміздің одан әрі даму бағытын жоспарлап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының басым мақсаттарын айқындап берді.

Жолдаудың негізгі бөлігі дәстүрлі түрде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған. Бірақ Президент жарияланған реформалар туралы да айтты. Айта кету керек, 30 жыл ішінде құқық қорғау органдары мен сот жүйесі қалыптасу және даму жолынан өтті. Осы жолда жүргізілген реформалардың басты мақсаты – азаматтардың құқық қорғау органдары мен соттарға деген сенімін арттыру, олардың конституциялық құқықтарын қорғау болды.

Жүргізіліп жатқан реформаларға ел Парламенті де белсенді

атсалысуда. Мәселен, соңғы 4 жылы тек сот жүйесін жаңғырту бойынша 30-дан астам заң қабылданды. Судьяларды іріктеудің қатаң ережелері енгізілді. Олардың тәуелсіздігі айтарлықтай нығайды. Даусыз талаптардың нотариуска берілуі, арбитраждың, медиаторлардың және заң консультанттарының өкілеттіктерінің кеңеюіне байланысты оларға түсетін жүктеме азайды. 2021 жылдың шілдесінен бастап азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың тиімділігін жоғары деңгейге көтерген әкімшілік сот төрелігі іске қосылды.

Қылмыстық процесте судьялардың айыптау жағын жоюға баса назар аударылады. Оның жағымды жағы қылмыстық процестің үш деңгейлі моделін кезең-кезеңімен енгізуді көрсетеді. Енгізіліп жатқан түзетулердің арқасында биылғы жылдың басынан бері 50-ге жуық заңгер сот жүйесінен емес, басқа салалардан, соның ішінде корпоративтік сектордан практик судья болды. Ал 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламентінің жетінші сайланған сессиясының ашылуында Елбасы әділет саласындағы ауқымды өзгерістер туралы айтты. Осылайша, Мемлекет басшысы заңның үстемдігі мен әділ сот төрелігіне ерекше көңіл бөлді. Осы орайда ол судьяларды жедел іріктеу және судьялар құрамын жаңарту қажеттігін атап өтті.

Барлық судьялардың мәртебесі теңестіріледі. Енді сот төрағасы лауазымдарының басым бөлігі судья лауазымына ауыстырылады. Президент сот төрағасы мен сот алқасының төрағасы лауа-

зымдарына кандидаттарды судьялардың өздері сайлайтын тәртіпті ұсынды. Бәлкім, қазақстандық сот төрелігі жүйесіне алғаш рет Жоғарғы Сот судьяларын сайлау арқылы сайлау әдісі енгізілмек. Ол үшін Президент балама негізде Сенат депутаттығына кандидаттар ұсынады. Бұл тәсіл әділ және сапалы шешім қабылдайтын жоғары білікті және адал судьялардың судьялар құрамын сапалы жаңартуға мүмкіндік береді. Менің ойымша, Мемлекет басшысының адамның конституциялық құқықтарын қорғауды күшейту бағытын растауы ерекше маңызды.

Мемлекет басшысы жазаны қатаңдату және ауыр қылмыстар үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды алып тастау қажеттігін айта отырып, қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға да назар аударды. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік қатайтылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан көз жұматын әйелдер санының артуына байланысты бұл қажетті шара деп есептеймін.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы нашакорлықпен күрестің кешенді жоспарын әзірлеудің өзектілігін атап өтті.

Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің нормаларына аудит жүргізіледі, интернет және телефон арқылы алаяқтықты анықтау бойынша жұмыс күшейтіледі, жаппай тәртіпсіздікке шақырғандар үшін жаза қатайтылады. Құқық қорғау және сот қызметін реформалау бойынша басқа да шаралар ұсынылды.

Дайындаған
Айша ҚҰРМАНҒАЛИ

Марат САҒЫМБЕК, Панфилов ауданының әкімі:

АЙМАҚТАРДЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ АШЫЛАДЫ

Соңғы жылдары Қазақстан геосаяси кеңістікте, елдегі саяси-экономикалық-әлеуметтік ахуал мәселесінде бірқатар қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Жас мемлекеттің қалыптасып, жаңғыру жолындағы бұндай сынақ-тәуекелдері елде қалыптаса бастаған азаматтық қоғамның іргетасын бекітті, еркін, азат ойлы әрбір азаматтың өмір сүру принциптерін нақтылады. Халыққа әділетті, ашық қоғамның бағытын сілтеді.

Ізгілікке ұмтылған біртұтас ұлттың кемелдікке жету жолындағы ізденістері енді «Азамат–бизнес–мемлекет» ұстанымына ойысып, әрбір қазақстандықтың экономикалық тұрғыда тәуелсіз, іскер, кәсіпкер, рухани кемел адамға айналуына септігін тигізбек. Президент Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы – «сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру» мақсатын алға шығарыпты. Күш қуаты мығым, бірлігі бекем, басшысы білікті елдің басты құндылығы (қай кезеңде де) – «адам және адамның өмірі». Шынайы зайырлы, демократияға бет бұрған ел жалған ұран, жалынды сөздердің уақыты келмесе кеткенін бағамдай бастады. Бүгінгі әрекет нақтылыққа, ашықтық пен қолжетімділікке ұмтылған азаматтық қоғамның алғышарты.

Қарапайым халық саяси, құқықтық, экономикалық мәселенің бәрінде сауаттанды. Жаксыны білуге, көруге, үйренуге ұмтыла бастады. Құқығы мен салауатты өмірі үшін өз талаптарын сауатты қоя бастады. Бұның бәрі мемлекеттің қарапайым халыққа ұсынған бағдарламалары мен солардың жүзеге асуы жолындағы нақты жұмыстарының



жемісі. Бүгінгі жолдау осындай игілікті істердің жалғасы іспетті. Қарапайым халықпен жұмыс барысында әлеуметтік жағынан әлсіз, аз қамтылған топтардың мәселелерімен жиі бетпе-бет келеміз. Біздің қазіргі ортада оларға әлі күнге дейін толыққанды мүмкіндіктер қарастырылмаған. Баспана, медициналық көмек, өз кәсібін бастау, тегін білім алу секілді көптеген әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерде кедергілер көп. Бүгін Президент Қ.Тоқаев: «Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына мемлекет кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы амбубдсмен тағайындалады. Мемлекет экономикалық еркін-

дікті қолдайды. Бірақ халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады», – деп кепілдік берді. Халықпен етене жақын болудың, қажеттілігі де айтылды. «Еліміздің басты құндылығы – Адам. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты» – деді.

Мемлекет басшысының аймақ жағдайына көбірек, әрі жан-жақты тоқталғаны қуантты. Оның ішінде өңірлер үшін күрделі мәселелердің біріне айналып отырған денсаулық сақтау саласының сапасын көтеруге, медициналық мекемелерді салу, оларды жаңарту, көпсалалы мекемелер санын арттыру, мектеп тапшылығын жою қарапайым халықтың көкейіндегі көп сауалдың бірі болатын.

Маңызды индустриялық жобаларды қолға алған кәсіпкерлерге салық жеңілдіктерін бермей-ақ, жер телімдерін ұсыну, сол арқылы әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерді арттыру ісі де өзінің өзектілігін көрсетті. Президент былтыр барлық арнайы экономикалық аймақтың тиімділігі бағаланғанын еске салды.

Салық түсімін өңірлердің өзіне беру жұмысын жалғастыру қажеттігі де Президенттің бастама-сымен көтеріліп отырғаны көпшілікке жаңа серпін беретіні анық. «Біз салық түсімін өңірлердің өзіне бере бастадық. Бұл жұмысты жалғастыру қажет. «Халық қатысаыын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Оның ауқымын кеңейтіп, жобаға аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдарды тарту керек. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы қаржысының кемінде 10 пайызы қайда жұмсалатынын қоғамның өзі айқындауға тиіс». Қ.Тоқаевтың былтыр көтерген бұл бастама-

сы аймақтарда жүзеге аса бастаған бағдарлама-ларға жетекші бағдар болатыны анық.

Ел еңсесін көтеру маңызды. Ел еңсесі нақты іс-әрекеттер жүзеге асқанда ғана көтеріледі. Бұл тұрғыда, өңірлердегі тағы бір өзекті мәселенің бірі елді мекендерді электрмен жабдықтау, жылу коммуникациясын жетілдіру, су құбырлары желісін жаңарту еді. Президент өз жолдауында осы тақырыпқа арнайы тоқталды. «Елімізде электрмен жабдықтау желісінің үштен бірінің, жылу коммуникациясының 57%-ының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткенін» айтты. Қазақстанның барлық аймағына тән бұл сандар шындығында елдегі коммуналды қызметтің нақты ахуалынан хабар береді. Мемлекет басшысы бұл мәселеге қатысты жаңа тарифтік саясатқа көшу қажеттігін, желілер мен қуаттардың тозу көрсеткішін кемінде 15%-ға дейін төмендетуді ұсынды.

Алдағы уақытта елде жаңа Бюджет пен Салық кодекстері қайта қарастырылмақ.

Әртараптанып кететін әлеуметтік-экономикалық проблемалар осы кодекстер аясына тоғыстырылып, елдік мүддені алға шығаратыны қарапайым көпін алаң көңілін орнықтырғандай.

Президент әлеуметтік пакеттерге қатысты да көп мәселе көтерді. Бала капиталы мен жәрдем-ақылардың артып, төменгі айлық мөлшерінің өсуі – кезек күттірмейтін ауқымды тұрмыстық, күнкөрістік қажеттіліктер еді. Ендігі міндет – елдің әлеуетін көппен бірлесе жүріп көтеру.

Алдағы уақыттағы бағыт-бағдар да енді «еститін Үкімет», «есеп беретін билік» қағидағына сүйенеді. Әділетті мемлекеттің біртұтас ұлты берекелі қоғамға аяқ басты.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Сот жүйесі – әлемдік талаптарға сай ауқымды реформаларды жүзеге асырып отырған биліктің бір тармағы. Құқық қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру мәселесі құқықтық саясат бағдарлама-сынан ешқашан сырт қалған емес. Себебі, мемлекет барлық заңнамаларды саралап, сот-құқық реформасын жүргізу арқылы әділетті мемлекет құруды көздеп отыр.

РЕФОРМАНЫҢ НӘТИЖЕЛІ БОЛУЫ КАДРЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Сот, құқық жүйесі – тәуелсіз мемлекеттің құретамыры. Осы құрылымдар жұмысының ти-янақтылығы елдегі қауіпсіздік пен тыныштықтың, теңдіктің кепілі. Бүгінде мемлекеттің қол-дауымен соттың материалдық, техникалық жағдайы жасалып, судьяларды іріктеудің тәртібі қатаңдатылды.

Кез келген реформаның нәтижесі кадрларға байланысты. Судья – сот саласындағы ба-сты тұлға болғандықтан, оның біліктілігі мен адами келбетіне жоғары талаптар қойылады. Қазір судьялыққа үміткерлердің заңды жетік білуі ғана емес, психологиялық ұстамдылығы, мінезі, сөйлеу, өз ойын жеткі-зу шеберлігі, көпшілікпен тіл табыса алатындығы сыннан өтеді. Сонымен бірге, үміткердің арнайы тағылымдамадан өтіп, тәжірибесін шындауына да те-рең мән беріледі. Судьялар кор-пусына кездейсоқ адамдардың өтпеуі үшін Жоғарғы Соттың ба-стамасымен әлемнің үздік ком-панияларында қолданылатын жаңа HR-сүзгілер іске қосылды.

Судьялардың басы артық жұмы-стан босатылып, негізгі ісімен айналысуына, сапалы сот актісін шығаруына мүмкіндік берілді.

Соттарды қаржыландырудың жана принципі енгізілді. 2023 жылдан бастап барлық мемле-кеттік аппараттын қажеттілігіне бөлінетін бюджеттің шығыс бөлігінің кемінде 6,5%-ы сот жүйесіне беріледі және қаржы-ны – Жоғарғы Соттың кеңей-тілген жалпы отырысы бөледі. Заман талабына сай заңнамалар-ды ізгілендіру, судьяларға қой-ылатын талап деңгейін арттыру толастамақ емес.

Мемлекет басшысы Қа-сым-Жомарт Тоқаев күні кеше жариялаған жолдауында да ең бірінші әділетті мемлекет құруға баса назар аударды. Заң және тәртіп мәселесіне арнайы тоқтап, судьялардан сот төрелі-гін әділ атқаруды талап етті. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестіруді, ешкімге тәуелді болмау керектігін алға тартты.

Алдағы уақытта Мемлекет басшысының жолдауына сай жүйеде тағы да күрделі өзгеріс-тер болады деп күтілуде. Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар, Жоғарғы Сот судья-ларын Президент ұсынысымен Сенат сайлауы арқылы таңдау тәсілі енгізілмек. Істерді апел-

ляциялық тәртіпте қарауда да өз алдына бөлек жанашылдық қарастырылады.

Әділ соттың қалыптасуы үшін халықтың сенімі мен тәу-елсіздігі аса маңызды. Ал ол судьяның тәуелсіздігіне тіке-лей байланысты. «Судьялар-

дың дербестігін арттыру үшін Жоғарғы Сот кеңесінің мәрте-бесі нығайтылады. Судья болуға үміткерлерді дайындау, білік-тілігін көтеру жұмысы кеңестің құзыретіне беріледі», – деді Президент.

Біздің қоғам әрдайым судья-лардан жоғары білімді, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуды, әділ шешім шығару-ды талап етеді. Бүгінгідей ескі мен жаңаның, тоқырау мен да-мудың арасында тек судьялар емес, әр адам бәсекеге қабілет-тілігін арттырып отыру керек. Қазір ақпарат пен технология-ның күн санап дамып отырғаны баршамызға белгілі. Мұндай жағдайда қылмыстың, тәртіп бұзушылықтың да түрлері арта беретіні тағы бар. Сондықтан ең алдымен, әр адам құқықтық және қаржылық сауатын артты-руға мән беру керек.

Әділетті Қазақстанды құру жолы басталып кетті. Біз бұл жолда барынша белсенді болып, мемлекеттің дамуына оң ықпал етуге тырысамыз.

Бауыржан ШАЙДҮЛЛИН,
Ақтау қалалық сотының
төрағасы

ӘР БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ!

Отбасы құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қа-зақы әдет-ғұрпымызға негізделеді. Бұл отбасын берік ететін сезімдер.



Жаһандану дәуірінде әлеуметтік қатына-стардың динамикалық өзгерістері орын алуда. Осыған байланысты неке-отбасы қатынастары, ер мен әйелдің отбасындағы рөлі, жалпы, бар-лық отбасылық құндылықтардың жиынтығы өзгере бастады. Отбасы институтының дағда-рысын отбасы мүшелерінің экономикалық, психологиялық, репродуктивті, тәрбиелік, бос уақытты және басқа да көптеген дәстүрлі функ-цияларын жоғалтуы мен жеткіліксіз орындау әрекетін байқауға болады. Бірақ, бүкіл әлемде отбасы институтының ең ауыр проблемасы – ажырасу санының артуымен өзектес. Өкінішке орай, бұл мәселе біздің елде де өткір тұр.

Ажырасудың салдары балаларға да, ерлі-за-йыптыларға да теріс әсер етеді. Кәмелетке тол-маған балалар мен кәмелетке толған еңбекке жарамсыз балалардың құқықтары мен мүдде-лерін басымдықпен қорғау – неке және отбасы заңнамасы негіз болатын қағидаттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауында 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Мемлекет басшысы-ның айтуынша, осы жылы балаларға ерекше көңіл бөлу керек. Әрі осы дәстүр кейінгі жыл-дары да жалғасуы керек. Балалардың аман-дығы – мемлекетіміздің табысты болашағының сенімді кепілі. Осыған орай Үкімет Бала-лар жылына арналған іс-шаралар жоспарын бекітіп, осылайша биыл мемлекет тарапынан балаларға ерекше көңіл бөлінді.

Өз кезегінде, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 138-бабына

сәйкес, ата-аналар өздерінің кәмелетке тол-маған балаларын асырап-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқын-дайды. Бұл ретте ата-аналар өздерінің кәме-летке толмаған балаларын, сондай-ақ, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу ны-саны бойынша жоғары білім беру жүйесінде білім алатын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу тура-лы келісім) жасасуға құқылы. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға өз еркімен көмек көрсетпеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады. Содан кейін сот атқару құ-жатын жазып береді және орындау үшін сот орындаушысына ұсынылады.

Өкінішке қарай, алимент өндіріп алу тура-лы атқарушылық өндірістердің саны жыл сайын артып келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, 2020 жылы Ақмола облысының жеке сот орындаушыларының орындауында 11 172 атқарушылық құжат болса, 2021 жылы 12 141 құжат болды. Атқарушылық іс жүргізде атқа-рушылық іс жүргізудің осы санаты әлеуметтік маңызы бар санатқа жатады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орын-даушыларының мәртебесі туралы» заңда али-менттерді өндіріп алу тәртібі регламенттелген. Барлық алимент төлемдері бойынша берешекті өндіріп алу алимент төлеушінің жалақысынан және басқа да табыстарынан жүргізіледі.

Алимент бойынша берешектің мөлшерін

сот орындаушысы өндіріп алу кезінде борыш-кер алатын нақты жалақыны (кірісті) негізге ала отырып, шешімнің орындалатын жері бойынша айқындайды. Бұл ретте алимент бор-ышкердің жалақысының 50%-дан аспайтын мөлшері ұсталуы мүмкін. Сот орындаушысы өндіріп алушының (заңды өкілінің) өтініші бойынша кез келген уақытта, бірақ көп дегенде тоқсанына бір рет борышкердің жалақысы мен басқа да табыстарынан ұстап қалудың және ұсталған сомаларды өндіріп алушыға жібе-рудің дұрыстығы мен уақытылы жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады.

Сонымен бірге, алимент төлемдерін жа-лакыдан немесе өзге де табыстардан үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, сот орындаушысы берешекті айқындау туралы қаулы шығарады және осы заңның 32-бабына сәйкес атқарушылық құжаттардың орында-луын қамтамасыз ету шараларын қолданады. Сондай-ақ, заңның 61-бабына сәйкес өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүлікті қоспаған-да, борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қол-данады.

Егер борышкер бұл кезеңде жұмыс істеме-ген немесе оның жалақысын және өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, ай сайынғы төлемдер және (немесе) алимент бойынша берешек оны өндіріп алу кезінде Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшерін негізге ала отырып айқындалады.

Мұндай мәселеге тап болмас үшін бор-ышкерге қызметтік жұмыс тауып, ағымдағы алименттерді алынатын жалақысына қарай аударған тиімдірек. Сонымен бірге, егер бор-ышкер жұмыс істемесе, қарызды есептеу ор-таша айлық жалақыға сәйкес жүргізіледі. Мы-салы, қазіргі уақытта орташа айлық жалақы 260 000 теңгені құрайды, егер 1 баланы асырау үшін төленетін алименттерді есептесек, оның ағымдағы қарызы кірістің ¼ бөлігін құрайды да, онда ай сайынғы төлем 65 000 теңгені құрайды. Ал егер алимент төленбесе, қарыз ай сайын өсе береді.

Жоғарыда көрсетілген шаралар атқа-рушылық іс жүргізудің мақсаттары мен мін-деттеріне қол жеткізу үшін бағытталғанын және кәмелетке толмаған балаларды қорғау кепілдіктерінің бірі болып табылатынын атап көру керек.

Самат ТӘЖІБАЕВ,
Ақмола облыстық Әділет
департаменті атқарушылық өндірісті
қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы

«ТАЛАП БАР ЖЕРДЕ, ТӨРТІП БАР»

Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып жатыр. Осыған орай аудандық және қалалық сотта іс-шара ұйымдастырған болатынбыз. Шараның негізгі мақсаты жастардың бойы-на ұлтжандылықты, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру. Сонымен қатар, 5 қыркүй-ек – «Қазақстан халқы тілдері» күні мерекесі. Жалпы қазақ тілін дамытуға Ахмет Байтұрсынұлының қосқан үлесі қомақты.

Еліміз егемендік алу жолында қаншама күш-жігерді сарп етіп, талай қиын-қыстау күндерді бастан кешірді. Әсіресе, ана тілдің тағдыры қыл үстінде тұрып, барлық құжаттар орыс тілінде рәсімделіп, қазақтар өз құқықта-рын өзге тілде қорғауға мәжбүр болды. Тәуел-сіздік алғаннан кейін ғана тілге деген көзқарас өзгерді.

Соңғы отыз жылда соттағы мемлекеттік тіл-дің қолданыс аясын кеңейтуге барынша жағдай жасалды. Әрине, бұл көңіл қуантарлық жағдай. Себебі, анамыздың сүтімен бойға дарыған тіліміз өмір бойы қолданыстан ажырамауы керек. Біздің елімізде ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі мен таңдауы, жеке құқығы құрметтелетін бол-са, тиісінше олардың еркін сөйлеуіне жағдай жасалып, қандай да бір құжаттарды толтыру барысында тіл таңдауына мүмкіндік беруіміз қажет. Сот отырысында өз ойын еркін жеткізуге жол ашып, ана тіліміздің айбынын одан әрі асыру қажет деп есептеймін.

Қазақ тілі қашан да қаймағы бұзылмаған, кең мағыналы, бай қорымен ерекшеленеді. Ол сан ғасырлар бойы өзінің құндылығын жоймай, көркем әуезімен, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. «Тілі жойылған ұлттын өзі де жойылады» дегендей, біздің ел екенімізді айшықтайтын, өзге ұлттардан өзгешелігімізді дәріптейтін ана тілімізге құрмет көрсету әрқайсысымыздың азаматтық парызымыз. Сол себепті, мемлекеттік мәртебесіне ие болған қазақ тілінің тұнығын сақтап, шұбарлап, лайламай, анық сөйлеп, қай-мағын қалқып алуымыз қажет.

«Тіл тас жарады...» дегендей, бір ауыз аталы сөз бұрынғы заманда бір қауым елді тоқтатып, бітімге келтірген. Әділдіктің ақ туын көкке көтеріп, шындықты шырқыратып айтқан би-ше-шендердің төрелігі қаумалаған қауымның құлақ түретін үніне айналған. Сондықтан, сан ғасыр-

лар бойы жалғасып келе жатқан бабалардың бұл дағдысын бүгінгі дамыған заманда шет қалдыр-май, қашанда басшылыққа алуға тиіспіз.

Қаны қазақ әр азамат өз ана тілін білуі тиіс. Біліп қана қоймай, ұрпақтарына аманаттап, барынша дұрыс жеткізе білуі қажет. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда дубараланып бара жатқан отбасылар қатары аз емес. Шағын мемлекет, отбасы ошақ қасында орысша былдырлап, ба-лалардың тілін бұрап, ана тілдің тұсалуына қол-дан кесірін тигізіп отырғандар бар. Бұл мәселе жалғаса беретін болса, өзімізге тән құндылықты жоғалтып, қазақ тілінің қадір-қасиетін төмен-детіп алуымыз мүмкін. Сондықтан, мемлекеттік тілдің мерейін өсіру мәселесі ешқашан күн тәртібінен түспеуі керек.

Бүгінгі таңда барлық құжаттарды қабылдау, ақпарат беру барысы бірнеше тілде қатар жүр-гізіледі. Соның ішінде ана тіліне деген талап ай-қын басымдықпен байқалуда. Бұл, әрине, көңіл қуантарлық жағдай. Талап бар жерде тәртіп бар, қазақ тілінің қолданылу аясы қашан да солай қатаң қадағалауда болуы шарт.

Мен де үнемі жұмыс барысында ана тілін айрықша қастерлеп, әріптестеріме дәріптеп жүремін. Туған тіліміз – тұғырымыз. Оның тағдыры біздің қолымызда. Бүгін біз қоғамды қалай қалыптастыратын болсақ, бірнеше жыл өткен соң ұрпағымыз сол үрдісті жалғайтын бо-лады. Өзге тілді білу өз алдына, өз тіліңе деген құрмет ешқашан азаймауы керек. Қазақ тілінің қарыштап дамуы үшін атсалысып, қаймағын бұзбай, құндылығын қашан да жоғары көтере берейік!

Кеменгер ИМАШЕВ,
Байқоңыр аудандық №2
сотының төрағасы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

Ақмола облысы Көкшетау қалалық сотының үкімімен «Рахимбек Консалтинг» ЖШС-нің директоры азаматша Д-ға қатыс-ты сот үкімі шықты. Істі болған директор Қылмыстық кодекстің 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағы, 217-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы бойынша айыпталып отыр. Соған орай, оны коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда басшылық лауазымдарды атқару құқығынан 6 жыл мерзімге айыра отырып, 6 жыл 8 айға бас бостандығынан айыруға жаза белгіленді. Бұған қоса, жәбірленушілердің материалдық залалын өтеу туралы талап арыздары қанағаттан-дырылды.

«ТЕГІН ІРІМШІК – ҚАҚПАНДА»

Сотта анықталғандай, азаматша Д. Көкшетау қаласын-да қаржы пирамидасын ұйымдастырған. Ол жеңілдетілген шарттармен мүлік сатып алу үшін ақшаны тарту арқылы заңсыз табыс алып келген. Осы мақсатта азаматша Д. 2016 жылы «Тиімді тұрғын үй», ал 2017 жылы «MANSUR AUTO» тұтынушы кооперативтерін тіркеген.

2016 жылғы қазан мен 2021 жылғы маусым аралығын-да азаматша Д. үлескерлерге мүлікті тиімді шарттармен сатып алуға уәде беріп, бұрын жүгінген салымшылардың пайлық журналдарын кейінірек жүгінген салымшылардың пайдасына қайта бөліп отырды. Клиенттерді тарту мақса-тында ол «OLX» интернет-сайтында қабарландыру жария-лап, билбордтарда жарнама беріп, тұрғын үй мен көлік құралдарын сатып алу бойынша басқа бағдарламалармен салыстырғанда кооперативтердің тиімді бағдарламасы туралы мәлімет таратты. Нәтижесінде оған әртүрлі өңір-лердің тұрғындары жүгінді.

Бұдан әрі ол клиенттермен пай және кіру жарнасы туралы жалған келісімшарт жасаған. Үлескерлер коо-перативтерден қызығушылық тудыратын мүлікті алуға үміттеніп, келісімшарттар жасасып, кооперативтің шот-тарына ақша аударды. Аңқау халық «тегін ірімшіктің тек қақпанда» болатынын түсінбеді.

Шарт жасасу кезінде азаматша Д. қатысушыларды алдап, мүлікті 3-6 ай ішінде сатып алатынын айтып сен-дірді. Сонымен қатар, азаматтардан тұрғын үй және өзге де техниканы берем деген желеумен ақша алып, кейіннен жиналған қаражатты өз қалауы бойынша пайдаланды. Істі болған әйелдің кесірінен 22 жәбірленушіге 86,5 млн теңге залал келген.

Үкім заңды күшіне енген жоқ.

Ақмола облыстық сотының
баспасөз қызметі

КӨКЖИЕК

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Биыл қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Елімізде осы игілікті шараға байланысты көптеген жұмыстар ұйымдастырылып, кездесу, дөңгелек үстел, басқосулар өткізілуде. Бұндай ауқымды республикалық шараға сот қызметкерлері де өз үлесін қосуда.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылдың 5 қыркүйегінде қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Ақкөл ауылында туылған. 1937 жылдың 8 желтоқсанында дүниеден озған.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, әрі қарай қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп күш-қуатын жұмсаған қайраткер. Осы мақсатты орындау үстінде, ол қазақ тілінде оның дыбыстық жүйесі мен граматикалық құрылысын баяндап, талдап-талытқан, сонымен қоса, осы зерттеу негізінде «Әліппе» мен тұңғыш «Ана тілі» оқулығын жазған ғалым, ұлт қайраткері.

Қазақ графикасының негізіне казактың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын ғалым әліпбиге алған. Оны қазақ фонетикасына икемдеген, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарып, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосып, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы белгі жасаған. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған казактың ұлттық графикасын түзеген.

Қазақ тіліміздің іргетасын қалаудағы Ахмет Байтұрсынұлының тағы бір зор еңбегі – осы саланың терминдерін жасауы. Ол қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына казакша атау ұсынып, қазіргі кезде қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жәй сөйлем, құрмалас

сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атауларды құрастырған.

Ахмет Байтұрсынұлының акындық қасиеті барын жоғарыда айтқан едік. Ол шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Өлеңдерінде халықтың ауыр халін, арманын, мұң-мұқтажын көрсетіп, халықты оқуға, білімге, адамгершілікке, еңбек етуге шақырған. Сонымен қатар, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына да сын айтқан.

Акынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген. Бұл кітап арқылы ол халықтың ой-санасын оятуға бар күш-жігерін, білімін жұмсаған.

Ахмет Байтұрсынұлының екінші кітабы – «Маса» (1911).

«Масанын» негізгі мақсаты халықты оқуға, өнерге, білімге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Акын өз өлеңдерінде көбінесе Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырып, дамытып кеткен ойды, демократтық бағыттарды жаңа жағдайда өзінше жалғастырушы ретінде көрсетті. Оның өлеңдерінің Абай, Ыбырай үлгілеріне жақын екенін байқауға болады. Солар сияқты А.Байтұрсынұлы да қоршаған ортаға сын көзбен қараған, қоғамға көңілі толмаған. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдері соның куәсі іспетті.

А.Байтұрсынұлы саясатқа араласып, қазақ халқының мүддесін көздеген тұлға екенін де айта кету керек. Оған мысал ретінде 1905 жылы Қоянды жәрменкесінде жазылып,



Д. ГИЛЬМАНОВА,
Ақтобе қаласының
№2 сотының судьясы

14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы болғанын бірі білсе бірі біле бермейді. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілген.

Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлы туралы көптеген мәліметтер ғаламтор желісінде жарияланған. Оқырмандар керек деген ақпаратты ала алады. Дей тұрғанмен, мен бұл мақаламда акынның қазақ халқына, қазақ тіліне қосқан үлесін қысқаша мәлімдегім келді. Мақаламның соңында Ахмет Байтұрсынұлын қазақ тарихында терең із қалдырған, шыншыл акын, педагог, зерттеуші ғалым, қоғам қайраткері, қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру, жүзаралық алауыздықты шешуге бар жігерін салған тұлға ретінде сипаттауға болатындығын айта кеткім келеді.

КЕҢЕС

СУДЬЯЛАР ЖОЛДАУДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Ақмола облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы Серікжан Ғабдулин Мемлекет басшысының Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауын түсіндіру және талқылау бойынша облыс судьяларымен кеңес өткізді.



Көкшетау қалалық сотының төрағасы Қазбек Дегенбаев Мемлекет басшысы жолдауының негізгі бағыттары туралы баяндама жасады.

Баяндамашы Ел Президенті белгілеген реформалардың бес бағытын атап өтті.

«Сот қауымдастығы үшін «Заң және тәртіп» бесінші бағдар ерекше маңызды болып табылады, онда заң үстемдігін қамтамасыз ету және сот төрелігінің сапасын арттыру жөнінде міндеттер қойылды» – деді Серікжан Ғабдулин.

Стратегиялық құжат басты бағыттарын қамтиды: ел экономикасы, әлеуметтік мәселелер, білім, медицина, мемлекеттік басқару, сот жүйесі, құқық қорғау блогы, заң шығармашылығы.

Сот жүйесінің алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, сот корпусының жаңаруы, судьялардың тәуелсіз мәртебесін қамтамасыз етуі, судьяларды сайлау элементтерінің енгізілуі, Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін нығайтуы, апелляция институтын реформалау, әкімшілік әділет аясының ұлғаюы, цифровизация көзделген.

Талқылауды қорыта келе, облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы С.Ғабдулин, облыстың сот корпусы сот жүйесін әрі қарай модернизациялау, еліміздің саяси институттарын қайта жаңғырту, жаңарту жөнінде тапсырмаларды орындауда өз үлесін қосуы тиісті екендігін атап өтті.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

ТҮЙТКІЛ

Бүгінде әлеуметтік желілермен түрлі интернет платформалар халықтың ақпарат алмасып, хат жазысып, пікір таластыратын алаңы ғана емес, ірілі-ұсақты сауда-саттық жасап, сан түрлі қызмет көрсететін қайнаған нарықтың алаңына айналып отыр.

Дәстүрлі сауданың тәп-тәуір бесекелесі саналатын онлайн сауданың дамуы заман талабы десек, «күйден шықпай табыс тап немесе дүкенге бармай-ақ таңдаған тауарына тапсырыс бер» – деген сөздер де жәй ғана жарнама емес шындық. Алайда, алтын уақытымызды үнемдеп, кез келген қашықты жақындата-



Тимур НУСПОВ,
Шымкент қалалық
прокуратурасының аға прокуроры

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРДЫ ОРТАҚ КҮРЕСПЕН ҒАНА ЖЕҢЕМІЗ

тын цифрлы технологияның мүмкіндігін асыра пайдаланушылардың қатарының көбеюі қоғамға айтарлықтай қауіп төндіріп, қылмыс әлемінде «интернет алаяқ» деген жаңа ұғымның пайда болғаны да ешкімге күйіңа емес. Мысалы, 2021 жылы елімізде тек интернет алаяқтық бойынша 21 мыңнан астам дерек тіркелсе, одан бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 14 мыңға жуықтапты. Байқағанымыздай, көрсеткіштер қарқынды көңіл көншітпейді.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы жолдауында: – «Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды» – дей келе, құқыққорғау органдары алаяқтық, сонымен қатар, түрлі қаржы пирамидалары мен ғаламтор арқылы тұзақ құратындарға қарсы шараларды күшейтуді тапсырған болатын. Осы орайда, еліміздің қадағалау органдарында интернет алаяқтарға тойтарыс беру мақсатында кешенді жұмыстар қарқын алуда. Мәселен, Шымкент қаласы бойынша өткен 8 айда бағалы 2683 алаяқтыққа қатысты қылмыстық іс тіркеліп, оның ішінде 645 іс ақпараттық (интернет) пайдаланушы алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық әрекеттер. Дәл осы фактілер бойынша бүгінгі күнге дейін 183 қылмыстық іс сотқа жолданды.

Өкінішке қарай, түрлі әлеуметтік желілер мен ақпараттық жүйе қолданушыларының санының күн санап көбеюі алаяқтардың айналасын асыруына оңтайлы мүмкіндік беріп отыр. Оның үстіне ғаламтордың арғы бетіндегі виртуалды алаяқтың бет пердесін шешіп, қылмысын әшкерелеу де құқыққорғау органдарына оңайға соқпайды. Себебі, ақпараттық технологияның тілін жетік меңгерген әккі алаяқтар қолға түсіп қалмаудың әрекетін де алдын ала қамдап, қылмыстың қолтаңбасын да әр кез түр-

лендіріп отырады. Мұндай алаяқтық фактілердің көшін «онлайн жолмен оңай ақша табамын» деп тұтынушыларды сан соқтырушылар белгілі бір тауардың немесе қызмет түрінің төлемсізін алдын ала алып, артынша ізін суытып кететіндер бастаса, келесі орында микрокредит ұйымдарының сайттары арқылы халықты қарызға батырушылар. Соңғы кездері екінші деңгейлі банк қызметкерлерінің атын жамылып, кез келген адамға қоңырау шалып тұзақ құратындар ел арасында айтарлықтай резонанс тудырып отыр. Құқыққорғау органдары мен қаржы ұйымдарының ескертулері мен хабарламаларына қарамастан, азаматтар арасында алаяқтардың арбауына түсіп, жапа шеккендер де аз емес. Бұл ретте алаяқтар азаматтардың жеке деректерін пайдалану арқылы банк шоттарындағы жиған-терген қаражаттарын жымқырудың сан түрлі айла тәсілдерін ойлап табуда. Мысалы, әуелі өзін екінші деңгейлі банктерде қауіпсіздік қызметінің қызметкерімін деп таныстырған алаяқ құбандығын қауіптен сақтандырған сыңай танытып, шотындағы ақшасын өз қолымен өзге шотқа аударуға үгіттейді. Немесе «банкнің қауіпсіздік қызметкері» ұялы телефоныңызға арнайы бағдарламаны жүктеуге кеңес беріп, артынша сол бағдарламаның көмегімен қашықтықта отырып-ақ теріс пиғылын іске асырады. Бұл бүгінгі заманауи алаяқтар қолданып күйіткері әрекеттерінің кең тараған түрлерінің бірі ғана. Сондықтан азаматтар бейтаныс адамдардың қоңыраулары мен хабарламаларына аса сақтықпен қарағандары жөн. Ғаламтор арқылы қандай да бір тауар сатып алмас бұрын онлайн саудагердің нақ сол кәсіптегі адалдығын тексеру керек. Ең абзалы алданған немесе көңіліңізге күдік ұялатқан жағдайда дереу полицияға хабарласып, алаяқтықтың алдын алу.

ИГІ ІС

ҚАЗАҚТЫҢ ӨЛШЕУСІЗ ҚАЗЫНАСЫ

Қызылорда облысының Полиция департаментінде 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы аясында «Ұлт ұстазы» атты ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

Шараға Қызылорда облысы Қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ-і директорының орынбасары Жаныгүл Ерекешова қатысып, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар тақырыбында хабарлама жасады. Одан бөлек Ахмет Байтұрсынұлы туралы тың ақпараттарды қызметкерлер назарына ұсынды. Қатысушылар өз ойларын ортаға салып, тіл жанашырларымен пікір алмасты.

Іс-шара барысында Қызылорда қалалық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты Афанасий Петров ұлт ұстазымыздың «Жұрттыма» атты өлеңін оқыды.

Сонымен қатар, департамент қызметкерлері «Аханның айшықты ойлары» тақырыбында диктант жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының тағылымы күллі қазаққа өнеге. Оның өлмес мұралары қазақтың өлшеусіз қазынасы.



СЕПАРАТИЗМГЕ ҚАРСЫ
АРНАЙЫ ЗАҢ КЕРЕК

Қазақстанның конституциялық дамуына азаматтық қоғам тарапынан қызығушылықтың артуы әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық сипаттағы бірқатар факторларға байланысты.

Қантардың қаралы оқиғасы және осы жылдың наурыз айындағы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жаңа Қазақстан құруға шақырған шын мәніндегі революциялық жолдауы конституциялық реформаны жүргізудің қажеттілігін объективті түрде қалыптастырды, ол біздің еліміздің қолданыстағы Конституциясы қабылданған күннен бастап алғаш рет өткізілген бүкілхалықтық референдуммен аяқталды.

30 тамызда еліміз мемлекеттің негізгі заңы – ҚР Конституциясының қабылданғанына 27 жыл толуын атап өтті. 1995 жылы қабылданған Конституция мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығының құқықтық кепілі болып табылады.

Конституцияның құқықтық идеялары, принциптері мен нормалары жоғары заңды күшке ие және тікелей әрекет етеді, сонымен қатар, біздің еліміздің барлық ағымдағы заңнамасының пайда болуы мен дамуының бастауы.

Конституцияның қабылданғанына 27 жыл толуы қарсаңында кейбір ой-пікірлеріммен бөліскім келеді. Айталық, ҚР Конституциясының 91-бабының 2-тармағы Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз екенін императивті нысанда айқындайды.

Егеменді Қазақстан халқы мен мемлекетінің іргелі де түбегейлі мызғымас құндылығы болып табылатынын ескере отырып, Конституцияның 91-бабының 2-тармағындағы «тәуелсіздік» деген сөзді «егемендік» деген сөзбен ауыстыру және осы тармақ келесі редакцияда жазылғаны дұрыс болар еді деп ойлаймын: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің егемендігі, Республиканың аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді». Бұл тұжырым біздің еліміздің егемендігіне, әсіресе қазіргі халықаралық жағдайда, кез келген қол сұғушылықтан күшті және нақты құқықтық кепілдік болады.

Бұл қорытынды Конституцияның 2-бабы 2-тармағының ережесінен қисынды түрде туындайды, оған сәйкес Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Негізгі заңның 3-бабы 1-тармағының ережесі де белгілі бір назар аударуға лайық, онда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық болып табылатыны белгіленген. Алайда, халық мемлекеттік биліктің жалғыз бастауы ғана емес, сонымен бірге (бұл өте маңызды!) егемендіктің иесі. Өз елінің белгілі бір аумағында тұратын



Еркін ДҮЙСЕНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
профессор

адамдар ғана осы мемлекеттің егемендігінің иесі бола алады.

Болашақта Конституцияның 3-бабының 1-тармағы келесідей редакцияда жазылғаны дұрыс: «Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі». Осылайша, еліміздің егемендігін құқықтық қорғау күшейтіледі, өйткені егемендікке кез келген қолсұғушылық Қазақстан аумағында тұратын және біздің мемлекетіміздің көпұлтты халқын құрайтын барлық этностардың бейбіт қатар өмір сүруіне қолсұғушылықты білдіретін болады.

Бұдан әрі ҚР Конституциясының 5-бабының 3-тармағы мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынатынын белгілейді. Әрине, бұл конституциялық шешім біздің мемлекетіміздің егемендігіне нақты құқықтық кедергі болып табылады.

Сонымен бірге, атап өткім келеді, мысалы, сепаратистік идеялардың субъектілері (тасымалдаушылары) тек қоғамдық бірлестіктер ғана емес,

сонымен бірге дара индивидтер – жеке тұлғалар болуы мүмкін. ҚР Конституциясының 34-бабы 1-тармағына сәйкес әркім ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. ҚР негізгі заңының 20-бабының 3-тармағына сәйкес Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейтіндігі көрсетілген, Қазақстанның заң шығарушысының тек ағымдағы (қылмыстық және әкімшілік, сонымен қатар конституциялық заңнамалық) деңгейде ғана емес, ойланатын мәселесінің жеткілікті екенін айтқым келеді.

Сепаратизмге қарсы іс-қимыл проблемасына неғұрлым мұқият тоқталғым келеді, өйткені қазіргі жағдайда бұдан бөлек сыбайлас жемқорлық, халықаралық терроризм және діни экстремизм сияқты мемлекетіміздің егемендігіне қауіп төндіретін бірқатар проблемалар да маңызды бола түсуде. Соңғы 10 жыл ішінде мен бұқаралық ақпарат құралдарында бұл мәселені заңнамалық түрде шешу қажеттілігін бірнеше рет айттым. Қазіргі уақытта ҚР Қылмыстық кодексінің 180-бабында ғана сепаратистік әрекет үшін жауапкершілік көзделген. Сепаратизм, сонымен бірге біртұтас мемлекетте автономия құруға бағытталған идеялар, қарақастар жүйесі және практикалық қызмет, оны басқа мемлекетке қосу үшін аумақтың бір бөлігін бөлу бүгінде біздің егемендігімізге қауіп төндіреді және оған елдің саяси басшылығы тарапынан да, заң шығарушы Парламент тарапынан да мұқият назар аударуды талап етеді.

ҚР ҚК-нің жоғарыда аталған бір бабымен бұл мәселені шешу мүмкін емес. Соңғы уақытта шетелде де, ел ішінде де жиі айтылатын сепаратистік идеялар конституциялық және қазіргі заңнама деңгейінде нақты құқықтық тосқауылға тап болуы керек. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бұл заң Қазақстанда жоғарыда аталған ҚР ҚК-нің 180-бабы, 2005 жылғы 18 ақпандағы діни экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы (25.05.2020 ж. жағдай бойынша) және 1999 жылғы 13 шілдедегі терроризмге қарсы іс-қимыл туралы (14.07.2022 ж. жағдай бойынша) заңдар қолданыста болған жағдайда да қажет. Заң шығарушы сепаратизмді ҚР ҚК-нің 180-бабы мен экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңның призмасы арқылы ғана қарау ұстанымын қайта қарауы шарт.

Қазіргі Қазақстан – бұл көп ұлтты, көп конфессиялы және көптілді мемлекет, онда барлық этностар, әдетте, белгілі бір-нақты аумақта жинақы тұрады, бұл өз кезегінде сепаратистік идея-

ларды өсіру мен дамыту үшін қолайлы орта болып табылады. Сепаратизмге қарсы күресте бүгінгі күні ең алдымен сепаратизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу шараларына қатысты жүйелі және кешенді көзқарас қажет. Бұл сонымен бірге ұйымдастырушылық, идеологиялық, қаржылық, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, құқықтық және тілдік сипаттағы шаралар жүйесі бекітілуі шарт болатын сепаратизмге қарсы іс-қимыл туралы жеке заң қабылдау қажеттілігі туралы менің идеямды растайды. Сонымен қатар, мен атап өткендей, сепаратизмнің пайда болу мүмкіндігіне әкелетін себептер мен жағдайларды жоюға баса назар аудару керек. Бұл жерде жетекші рөл Қазақстан халқы Ассамблеясына және оның өңірлердегі бөлімшелеріне берілуге тиіс. Дәл осы ҚХА құқық қорғау және арнайы органдармен бірлесіп, еліміздегі сепаратизмге қарсы іс-қимыл тұжырымдамасын әзірлеп, осы бағытта жұмыс жүргізуі керек.

Бұдан әрі, сепаратизмге қарсы іс-қимыл туралы заң осы заңды іске асыруға жауапты мемлекеттік және жергілікті органдар басшыларының, олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігі мен мемлекеттік тәртібін арттыруды көздейтін жағдайда нақты жұмыс істейтін болады. Сондықтан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және тіпті ҚР Қылмыстық кодексіне лауазымды тұлғалардың сепаратизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шаралар қабылдамағаны және өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігін көздейтін құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын енгізу талап етіледі.

Бұдан басқа, сепаратизм идеясының тілдік негізде жасанды түрде өсіріліп келе жатқанын ескере отырып, Конституцияның 7-бабының 2-тармағында орыс тілін қазақ тілімен қатар, ресми тіл ретінде пайдалану құқығын қалдырып, осы баптың 1-тармағын «мемлекет құрушы ұлттың тілі ретінде» деген сөздермен толықтыру және оны келесідей редакцияда жазу дұрыс деп пайымдаймын: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – мемлекет құраушы ұлттың тілі ретінде қазақ тілі». Мұндай қосымша, мысалы, Ресей Конституциясына 2020 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде енгізілді.

Конституцияның 7-бабы 1-тармағындағы осы толықтыру біздің негізгі заңымыздың кіріспесіне неғұрлым толық сәйкес келетін болады, онда: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып...» деп атап көрсетіледі.

Осылайша, Конституция еліміздің негізгі заңы ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық дамуына негіз болатын жеткілікті әлеуетке ие. Алайда, бұл әлеуетті біздің егемендігіміздің берік қорғалуы үшін күшейту қажет.

БАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙЫҚ!

Сот жүйесіндегі жаңалықтар соңғы жылдары салаға үлкен өзгерістер әкелді. Солардың бірі мемлекеттік тілді қолдану аясының кеңеюі. Сандық форматтар мен интернеттік кеңістіктің ғаламдық деңгейдегі жетістіктері сот саласын қайта түлетті. Мемлекеттік тілде түсетін талап арыздардың саны артып, соттағы іс-қағаздар айналымы қазақ тілінде жүре бастады.



Г.УАЛИЕВА,
Ақтөбе қалалық сотының
кеңсе бас маманы –
сот отырысының
хатшысы

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, қазақ тілінің қолданысын арттыру жұмыстары жалпыхалықтық қолдауға ие болды. Бүгінгі таңда кез келген мекеме сайты, әлеуметтік желідегі парақшаларын ашып қарасаңыз, көз жүгірте отырып жаңалықтарын шолсаңыз нәтиже бірден көзге ұрады. Стилистикалық, пунктуациялық, бір кездері жиі ұшырасатын мағыналық қателіктер бүгін де азайған. Мемлекеттік саясатпен бірге қарапайым халық, азаматтық қоғам да бүгін тілдік саясатта қазақ тіліне басымдық береді. «Ана тілін арың бұл, Ұятын боп тұр бетте, Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деп ақын Қадыр Мырзалиев жырлағандай, бүгінде ана тілімен қатар бірнеше тілді еркін менгерген жастар саны артты. «Болашақ» секілді көптеген мемлекеттік бағдарламалар жастарға тек шетелдік білім ғана беріп қойған жоқ, алыс жақын шетелде мемлекеттік тілдің, мемлекеттің абырой-беделін асқақтатуға мүмкіндік берді.

Халықаралық құқық бойынша манданып келгендер қазіргі таңда отандық сот саласында табысты еңбек етіп жүр. Тілдің қолданыс аясын нақты іспен кеңейтуге атсалысып жүр. Бұған дейін тек орыс тілінде ғана толтырып келген талап арыз немесе өзге де арыздардың формасының бәрі бір қалыпқа түсіп, бүгінде талап берушінің қалаған тілінде толтырылады. Осы ретте, судьялар съезінде атқарылған ерен еңбекті атап өту керек.

Ауқымды жиын судьялардың біліктілігін ғана көтерумен айналысып қойған жоқ, ол сонымен қатар нақты мәселелердің шешілуіне де атсалысты. Оның ішінде сот мұрағаттарын жаңарту, мемлекеттік тілдің аясын нақты іс жүзінде кеңейту, кеңсе тілін қазақыландыру секілді мәселелердің де алға жылуына мұрындық болды. Ақтөбе қалалық сотында мемлекеттік тіл бүгінде өз дәрежесінде жүзеге асып жатыр. БАҚ-пен байланыс, әлеуметтік желілерді жүргізу, іс-қағаздарының мемлекеттік тілдегі үлес салмағын арттыру пайыздық көрсеткіші артқан.

Мемлекеттік тілді ең алдымен әрбір қазақстандық көздің қарашығындай сақтап, алға ілгерілетуге күш жұмсайтын қадірлі дүниесі. Ендеше, тілдің тынысын тарылтпай, қанатын бекітіп, іргесін кеңейту әрбір мемлекеттік қызметкердің парызы, азаматтық борышы.

Жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес, барлық азаматтардың парызы. Мұндай ауыр кеселді мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күшімен бүкіл ел, қоғам болып қолға алу арқылы тоқтатуға болады.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жастардың тәрбиесіне сіңіру қажет. Жоғарыда аталған ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз қызметі шегінде жүзеге асыратын қызмет екені нақтыланған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, білім беру ақпарат және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар арқылы кешенді түрде

жүзеге асырылуға тиіс. Халық өздерінің құқықтарына қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты – оның алдын алу, яғни, себептері мен шарттарына ықпал жасау керектігін ескерген жөн.

Сол себепті әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

Сырымбет ӘЛІБЕКОВ,
Ақмола облыстық қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының сот приставы



9. МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ЖОБАСЫНА БАСТАМАШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2015 жылғы 31 қазандағы №379-V «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес, Құлсары қаласындағы жол қозғалысына қатысушылар мен тұрғындардың қауіпсіздігі үшін, санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес келетін Сыртқы жарықтандыруды басқарудың автоматты жүйесінің (СЖБАЖ) кешенін іске енгізіп, жарық-диодты шамдарын орнату арқылы «Строительство, реконструкция и эксплуатация сетей наружного освещения в городе Кульсары (протяженность – 92 300 метр)» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы арқылы бастамашылықты әлеуетті жекеше әріптестің көтергенін хабарлаймыз.

Көше жарығы жүйесінің мәлімделген техникалық көрсеткіштері:
- Электр желілерінің жалпы ұзындығы – 92 300 метр;
- 33 данада жинақты трансформаторлық қосалқы станцияларын орнату;
- 3080 данада жарықтандыру тіректерін орнату;
- 3080 данада жарық диодты шамдарын орнату;
- 3080 данада басқару модульдерін орнату;
- 50 данада сыртқы жарықты басқару шкафтарын орнату;
- СЖБАЖ бағдарламалық қамтамасыз ету (Сыртқы жарықтандыруды басқарудың автоматты жүйесі) мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісімшартының қызмет етуінің барлық кезеңіне лицензияны қоса есептегенде, сондай-ақ, СЖБАЖ техникалық қызмет көрсету бойынша инженердің интерфейс қызметін және СЖБАЖ жедел қызмет көрсету диспетчерінің интерфейс қызметін жүзеге асыру үшін, оның ішінде жарық ағынын басқарудың, сыртқы жарықты басқару жүйесі жабдықтарының жағдайы мен сыртқы жарық жұмысының жұмыс кестесін басқару шкафтарынан сұрау арқылы алынатын ақпараттарды ұсыну мен оларды өңдеу, клиенттік интерфейспен орталықтандырылған жинақтауды серверлік бөлікпен қоса алғанда;
МЖӘ жобасының алдын ала мөлшерленген жалпы мерзімі 5 жыл. Жобаны инвесторлардың қаржысы есебінен жүзеге асыру жоспарланған. Инвестицияны қайтару қолжетімділік үшін есептесу арқылы жүзеге асырылмақшы. Оның ішінде, инвестициялық шығындардың өтемақысы, операциялық шығындардың өтемақысы, МЖӘ объектісін басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы құрайды.
МЖӘ жоспарланған жобасын жүзеге асыруға мүдделі әлеуетті

10. МЕМЛЕКЕТТІК - ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ЖОБАСЫНА БАСТАМАШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

